

**DEXP**

ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫ

# Ас үй таразысы DEXP KS-40

## Құрметті сатып алушы!

«DEXP» сауда маркасымен шығарылатын өнімді таңдағаныңыз үшін алғыс білдіреміз. Біз Сізге сапасына, функционалдығы мен дизайнына қойылатын жоғары талаптарға сәйкес әзірленген және дайындалған бұйымдар мен құрылғыларды ұсынуға қуаныштымыз. Пайдалануды бастамас бұрын Сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпаратты, сондай-ақ өнімді дұрыс пайдалану және күту жөніндегі ұсынымдарды қамтитын осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Осы Нұсқаулықтың сақталуын қамтамасыз етіңіз және оны бұйымды әрі қарай пайдалану кезінде анықтамалық материал ретінде қолданыңыз. Ас үй таразысы азық-түлік өнімдерінің салмағын өлшеуге арналған.

## Сақтық шаралары

- Құрылғы жұмысындағы ақаулықтар анықталған кезде, қуат элементтерін ауыстырып көріңіз. Егер проблема шешілмесе, авторландырылған сервистік орталыққа жүгініңіз.
- Батареялар заряды азайған кезде дисплейде «LO» көрсетіледі. Осыдан кейін қуат элементтерін ауыстыру қажет.
- Таразыға артық жүк салмаңыз. Егер сіз оған 10 кг-нан артық қойсаңыз, дисплейде «EEEE» көрсетіледі.
- Таразыны тек тұрақты, тегіс бетте және толықтай құрғақ жағдайда қолданыңыз.
- Құрылғыны сәл дымқыл матамен тазалау керек. Құрылғыны тазалау үшін бензинді және басқа агрессивті заттарды қолданбаңыз.
- Құрылғыны судың және тікелей күн сәулелерінің әсерінен қорғаңыз.
- Егер Сіз ұзақ уақыт ішінде таразыны қолданбасаңыз, тотығуға (ол құрылғының бүлінуіне әкелуі мүмкін) жол бермеу үшін қуат элементтерін алып шығыңыз.


## Пайдалану жөніндегі нұсқаулық

1. Таразының төменгі бөлігіндегі батареялық бөлікке AAA үлгідегі батареяларды салыңыз.
2. Өлшеу кезінде қателіктерді болдырмау үшін таразыны тегіс жерге қойыңыз.
3. «Қос./өшір.» / «Ыдыстың салмағын өтеу функциясы» батырмасын басыңыз, 2 секундтен кейін таразыда «0» белгісі көрсетіледі.
4. Салмақты өлшеу бірлігін таңдау үшін өлшеу бірліктерін ауыстыру батырмасын басыңыз (килограмм, унция, фунт немесе грамм).
5. Сыйымдылықты таразыға қойыңыз, дисплейде сыйымдылықтың салмағы көрсетіледі.
6. Сыйымдылықтың салмағын есептемеу үшін «Ыдыстың салмағын өтеу функциясы» батырмасын басыңыз, дисплейде «0» белгісі көрсетіледі. Өнімді сыйымдылыққа салыңыз, дисплейде өнімнің салмағы көрсетіледі.
7. Өлшегеннен кейін құрылғыны өшіру үшін сыйымдылықты таразыдан алып, «Қос./өшір.» батырмасын басыңыз.


## Дисплейдегі мәндерді түсіндіру

Индикатор	Kg	Oz	Lb	G
Мәні	Килограмм	Унция	Фунт	Грамм

## Құрылғының схемасы



1. Батареяларға арналған бөлік.
2. LCD дисплей.
3. «Қос./өшір.» / «Ыдыстың салмағын өтеу функциясы» батырмасы.
4. Өлшеу бірліктерін ауыстырып қосу батырмасы.



1. Өлшеу бірліктері.
2. Нөлдік салмақ.
3. Таразы орнықты күйінде орналасқан.
4. Ыдыстың салмағы есептелмейді.

## Техникалық сипаттамалары

- Үлгісі: KS-40.
- Өлшеу диапазоны: 2 г - 5 кг.
- Өлшеу бірліктері: грамм/килограмм/унция/фунт.
- Дәлдігі: 1 г.
- Артық жүктеме индикациясы: бар.
- Қуат элементтері: AAA батареясы (2 дана).
- Ыдыстың салмағын өтеу функциясы.
- Автоматты өшіру функциясы.
- Платформа материалы: тот баспайтын болат, пластик.

## Орнату, сақтау, тасу (тасымалдау), өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары

- Құрылғы қандай да бір орнатуды немесе үнемі бекітуді талап етпейді.
- Құрылғы орамада өндірушінің және тұтынушының жылытылатын үй-жайларында ауа температурасы 5 °С-тан 40 °С-қа дейін және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80%-дан аспайтын жерде сақталуы керек. Үй-жайларда жемірілуді туғызатын агрессивті қоспалар (қышқылдардың, сілтілердің булары) болмауы тиіс.
- Құрылғыны тасу құрғақ ортада жүзеге асырылуы тиіс.
- Құрылғы ұқыпты пайдалануды талап етеді, оны шаңның, ластанудың, соққылардың, ылғалдың, оттың және т.б. әсер етуінен қорғаңыз.
- Құрылғыны өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Осы бұйымның кәдеге жаратылуы қалдықтарды қайта өңдеудің жергілікті нормалары мен ережелеріне сәйкес жүргізілуі тиіс. Осы бұйымның дұрыс кәдеге жаратылуын қамтамасыз етіп, Сіз қалдықтарды бақылаусыз тастау нәтижесінде қоршаған орта мен адам денсаулығына әлеуетті зиян келтірудің алдын алуға және материалдық ресурстарды ұтымды пайдалануға көмектесесіз. Осы өнімді қабылдау және кәдеге жарату орындары туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалдық органдардан немесе тұрмыстық қоқысты шығару бойынша кәсіпорыннан алуға болады.
- Құрылғының жиынтығына кіретін батареялардың қызмет мерзімі өткеннен кейін оларды қалған тұрмыстық қалдықтармен бірге тастамаңыз. Қалдықтарды бақылаусыз тастау нәтижесінде орын алатын қоршаған ортаға әлеуетті зиян келтірудің алдын алу үшін құрылғы мен батареялардың кәдеге жаратылуы қалдықтарды қайта өңдеудің жергілікті нормалары мен ережелеріне сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Құрылғының ақаулығы анықталған кезде дереу авторландырылған қызмет көрсету орталығына жүгіну немесе құрылғыны кәдеге жарату керек.

## Қосымша ақпарат

**Өндіруші:** Нинбо Путянь Информэйшн Индастри Ко., Лтд.  
Синьян тас жолы, 2, өнеркәсіптік даму аймағы, Дитан, Юйяо қаласы, Чжэцзян, Қытай.  
Қытайда жасалған.

### **Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:**

ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нұр-Сұлтан, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, эд. 12, Қазақстан.

### **Импорттаушы / Импорттаушы / Қазақстанда шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:**

«DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Даңғылы Сарыарқа, ғимарат 12, Қазақстан.

Ерекшеліктері, оним туралы ақпарат, онык жындыктамасы ерлер функционалдары пидаланушыны алдын ала ала ескертуге болады.

**Интернеттегі мекенжайы:** [www.dexp.club](http://www.dexp.club)

# Кепілдік талоны

SN/IMEI: \_\_\_\_\_

Кепілдікке қою күні: \_\_\_\_\_

Өндіруші бүкіл кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істеуіне, сондай-ақ материалдары мен құрастырылуында ақаулардың болмауына кепілдік береді. Кепілдік кезеңі бұйымды сатып алу сәтінен бастап есептеледі және тек жаңа өнімдерге қолданылады.

Кепілдікті қызмет көрсетуге бұйымды пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес пайдалану жағдайында кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсінен емес істен шыққан элементтерді тегін жөндеу немесе ауыстыру кіреді. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті қызмет көрсету орталықтарының аумағында жүргізіледі.

Кепілдік мерзімі: 12 ай.

Пайдалану мерзімі: 24 ай.

Қызмет көрсету орталықтарының өзекті тізімі мына мекенжай бойынша:  
<https://www.dns-shop.ru/service-center/>

**Кепілдіктік міндеттемелер мен тегін сервистік қызмет көрсету тауардың жиынтықтылығына кіретін төменде келтірілген керек-жарақтарға қолданылмайды, егер олардың ауыстырылуы бұйымды бөлшектеумен байланысты болмаса:**

- ҚБП (қашықтықтан басқару пультіне) арналған қуаттау элементтері (батареялар).
- Жалғағыш кабельдер, антенналар және оларға арналған жалғастырығыш тетіктер, құлаққаптар, микрофондар, «HANDS-FREE» құрылғылары; түрлі үлгідегі ақпарат тасымалдағыштар, жиынтықта жеткізілетін (бұйымның қатты магниттік дискілеріндегі тасымалдағышқа алдын ала орнатылған БЖ қоса алғанда, бірақ шектелмей), бағдарламалық жасақтама (БЖ) және драйверлер, енгізу-шығарудың сыртқы құрылғылары және манипуляторлар.
- Тысқаптар, сөмкелер, белдіктер, тасымалдауға арналған баусымдар, монтаждық керек-жарақтар, саймандар, бұйымға қоса берілетін құжаттама.
- Табиғи тозуға ұшырайтын шығыс материалдары мен бөлшектері.







[www.dexp.club](http://www.dexp.club)